



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Қазақстан үшін Англияның
азаматтық процесін оқып білу
маңыздылығы



Дәріс жоспары:

1. Шет елдердің азаматтық процесінің түсінігі;
2. Ағылшын соттары танымалдығының себептері;
3. Англия азаматтық процесі бойынша құқықтық әдебиеттер;
4. Англия азаматтық процесін оқып білу қажеттілігі.

1. ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІНІҢ ТҮСІНІГІ

«Шет елдердің азаматтық процесі» (ШЕАП) пәні немесе, мысалы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да, «ҚР мен шет елдердің азаматтық процесінің құқығы» Қазақстанның көптеген ЖОО-ларында оқытылады.

ШЕАП мақсаты – түрлі елдердегі азаматтық сот өндірісі ережелерімен танысу.

«Англияның азаматтық процесі» - ШЕАП-ң бөлігі және ол ШЕАП құрамында да, одан бөлек те арнайы пән ретінде оқытылуы мүмкін.

ШЕАП пәні:

- шет мемлекеттердің азаматтық процесс тәртібімен танысу;
- ҚР мен шет елдердің азаматтық процесіндегі ортақ белгілер мен ерекшеліктерін айқындау.

ШЕАП өзектілігі әлемдегі интеграция үдерістерінің белсенденуіне және жаһандану әдерісіне байланысты.

№	ШЕАП оқытудың өзектілігі себептері:
1	ҚР азаматтық процесінің институттарын жақсырақ түсіну.
2	Отандық азаматтық процесі реформалау кезінде көп елдерге ортақ болып келетін мәселелерді шешудің шетелдік тәжірибесін пайдалану (сот қорғауының қол жетімділігі, соттардың шектен тыс жұмысбастылығы, процесінің мерзімдері мен құны).
3	Өзінің құқықтық дамуы жағынан алға кетіп қалған елдердің жағымды тәжірибесін пайдалану мүмкіндігі (мысалы: тұтынушылар құқықтарын қорғау барысында ұжымдық талап қоюларды (талап-арыздарды) пайдалану; азаматтық процесіне техникалық құралдарды пайдалану).
4	Субъектілерге олардың құқықтарын шет елдерде қорғалу шарттары туралы хабарлар ету қажеттілігі.
5	Түрлі елдердің азаматтық процесіне біркелкілікті енгізу мақсатында халықаралық құқықтық реттеудің қажеттілігі.

ШЕАП-ты салыстырмалы түрде оқыту нәтижесінде азаматтық процесінің ең маңызды мәселелері заңи қақтығыстарға жол бермейтін халықаралық құқық арқылы реттеле бастайды.

№	Халықаралық құқықтық реттеу пәніне (нысанасына) айналған ШЕАП мәселелері:
1	Шетелдік элементпен күрделенген азаматтық істердің соттылығын анықтау;
2	Дәлелдемелерді жинау, сондай-ақ шет ел аумағында сот құжаттарын тапсыру;
3	Шетел сот шешімдерін тану және мәжбүрлеп орындату.

Кейде ШЕАП-ты Халықаралық азаматтық процеспен (ХАП) шатастырады.

ХАП – бұл шетелдік элементі бар азаматтық істер бойынша өндіріс ерекшеліктерін реттейтін қосарланған құқықтық табиғаты бар институт.

ХАП-тың екі жақтылығы (дуализм) Азаматтық процесінің құқықтық да, Халықаралық жеке құқықтың да бір бөлігі болып танылуында жатыр.

Егер ШЕАП шеңберінде шетелдің азаматтық процесі оқытылса, ХАП шеңберінде – шетелдік элементпен күрделенген отандық (қазақстандық) азаматтық процесі оқытылады.

ШЕАП пен ХАП байланысы: шетелдік элементі бар азаматтық істерді қарастыру кезінде отандық сот кейде шет елдің заңдары бойынша жасалған процесінің іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға тура келеді (мысалы, шетел сотының тапсырмасын орындау; дәлелдемелер жинақтау), ал ШЕАП білмесе, мұның барлығын дұрыс жасау мүмкін емес.



2. АҒЫЛШЫН СОТТАРЫ ТАНЫМАЛДЫҒЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

№	Шетелдік субъектілердің қатысы бар азаматтық істерді ағылшын соттарының қарастыру статистикасы:	%
1	Тараптардың біреуі шетелдік субъект болып табылатын істер	80
2	Екі тарап та шетелдік субъект болып табылатын істер	50

Дерек көзі: Англияның құқық қоғамы (Law Society)

Сонымен, Англия шетелдік бизнесмендер үшін олардың, тіпті Англия соттары юрисдикциясымен құқықтық байланысы болмаса да, дауларды шешудің ыңғайлы юрисдикциясы болып табылады.

№	Ағылшын соттары танымалдылығының себептері:
1	Ағылшын соттары мен ағылшынның азаматтық процесінің консервативтілігінен туындайтын ағылшын құқығының, әсіресе бизнес пен сауда саласындағы, тұрақтылығы мен болжамдылығы.
2	Соттың белсенді болмауы жағдайындағы ағылшынның азаматтық процесінің таза бәсекелестік сипаты. <i>Соттың рөлі:</i> тараптардың ұсынған дәлелдемелерін бағалау және өте сирек жағдайларда ғана істің басқарылуына араласу. <i>Тараптардың рөлі:</i> ұсынылатын дәлелдемелерді және шақыртылатын куәларды дербес түрде анықтау. <i>Бұл үлгінің кемшіліктері:</i> тараптардың сот шығындарының ұлғаюы және істерді қарастыру мерзімдерінің созылуы. <i>Артықшылықтары:</i> бизнес қауымы үшін аса маңызды болып табылатын іс жүзіндегі бәсекелестік.
3	Ағылшын судьяларының әлемдегі беделінің, объективтілігі мен жоғары біліктілігінің танылуы. Судья болу – мінсіз абыройға ие қалыптасқан заңгерлер үшін заңи мансаптың шыңы. Соттарда жемқорлықтың болмауы. <i>Кемшіліктері:</i> қарапайым халықтан алыстау тұратын жағдайы бар азаматтардың ғана қалтасы көтеретін әлемдегі ең қымбат заңгерлік білім.
4	Бизнес мүдделерінің қорғалу дәрежесінің жоғары болуына байланысты мәмілелерге қолданылатын құқық ретінде ағылшын құқығының таңдалуы. Мұның салдарынан даулардың шешілу орны ретінде Лондонның халықаралық арбитражы таңдалады. (London Court of International Arbitration)
5	Ағылшын соттары «сот қызметтерін тұтынушылармен» тұрақты байланыс ұстап отырады және соңғылары «соттарды пайдаланушылар» комитеттері арқылы азаматтық сот өндірісі туралы сыни пікірлер жеткізіп отырады.

Қазақстанда қабылдану кезінен бастап 4 жыл ішінде 13 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, 31 қазан 2015 жылғы Азаматтық процесілік кодексі әлі де жетілдірілу үстінде. Кодекске соңғы өзгерістер 21 қаңтар 2019 жылы енгізілген болатын.

ҚР азаматтық процесін жетілдіру кезінде шетел (ағылшын) тәжірибесін зерттеу жаңа құқықтық идеяларды қабылдауға, сондай-ақ керек емес қателіктерге жол бермеуге мүмкіндік туғызады. Ағылшын тәжірибесі бір нәрсені ерекше түсінуге көмектеседі: ҚР сот жүйесі шетелдік субъектілерге қызықты болуы үшін не істеу керек?

3. АНГЛИЯ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР

Англияның азаматтық процесі бойынша кітаптар (монографиялар мен оқулықтар), соның ішінде аударылған кітаптар, кеңестік кездің өзінде орыс тілінде жарияланатын. Мәселен, 1980 жылы келесі еңбектің орыс тіліндегі аудармасы жарық көрді: Уолкер Р. Английская судебная система / Пер. Т.В. Апарова, отв. ред. и предисл. Ф.М. Решетников М.: Юрид. литература, 1980.

Сонымен қатар, ағылшынның азаматтық процесі кеңестік ғалымдар тарапына белсенді зерттеліп отырды. Бұл жағынан орыс тілінде жарық көрген келесі еңбектерді еске түсіруге болады:

1. Рамзайцев Д.Ф. Гражданское судопроизводство в Англии. - М., 1957.
2. Кейлин А.Д. Судостроительство и гражданский процесс капиталистических государств. Часть 1:



«Судоустройтво». - М., 1950.

3. Кейлин А.Д. Судопроизводство и гражданский процесс капиталистических государств. - М., 1958.
4. Лунц Л.А. Международный гражданский процесс. - М., 1966.
5. Пучинский В.К. Английский гражданский процесс. - М.: УДН, 1974.
6. Пучинский В.К. Обращение в суд в английском гражданском процессе. - М.: УДН, 1983.
7. Пучинский В.К. Понятие и источники гражданского процессуального права Англии, США и Франции. - М.: УДН, 1988.

Кеңес Одағынан кейінгі кезеңде Қазақстанның құқық ғылымы басқа да бұрынғы кеңестік елдердің басым көпшілігі сияқты Англияның азаматтық процесін терең зерттеген емес. Жалғыз ерекшелік ретінде, 2012 жылы Алматы қаласында жарық көрген С.Ж.Айдарбаев пен С.А.Түменбаевтың оқулығын келтіруге болады:

Айдарбаев С.Ж., Түменбаев С.А. Қазақстан Республикасының және шетелдердің азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. - Алматы: Таңбалы баспасы, 2012, 270 бет.

Алайда, бұл оқулықта Англияның азаматтық процесі жанама түрде ғана, басқа да шетелдердің және Қазақстанның азаматтық процестік құқығымен бірге қозғалған. Бұған қоса, бұл оқулық тозып да үлгерген, өйткені 2015 жылы Қазақстанда жаңа Азаматтық процестік кодекс қабылданды, ал 2013 жылы Англияда азаматтық процестің кезекті реформалары өтті. Сондықтан да, бұл оқулықты жаңартып, қайта шығару керек.

Ресейге келетін болсақ, Англияның азаматтық процесін зерттеу жағдайы әлдеқайда жақсы болатын. Кеңестік кезеңнен кейін бұл елде Англияның азаматтық процесіне арналған еңбектер пайда болды:

1. Решетникова И.В. Доказательственное право Англии и США. - М., 1999.
2. Кудрявцева Е.В. Источники гражданского процессуального права Англии. - М.: Статут, 2006.
3. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
4. Кудрявцева Е.В. Судебное решение в английском гражданском процессе. - М., 2008.

Бұл тізімге ағылшынның азаматтық процесіне көңіл бөлінген ШЕАП бойынша ресейлік оқулықтарды да қосуға болады.

Соңында, Ресейдің заңи қауымдастығы үшін арнайы дайындалған және 2012 жылы Мәскеуде басылып шығарылған Нил Эндрюс еңбегін ерекше атап өту керек:

Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина. - М.: Инфотропик Медиа, 2012, 544 с.

Бұл кітап британдық жоғары оқу орындарында пайдаланылатын ағылшын тіліндегі Н. Эндрюстің «Andrewson Civil Processes» деп аталатын екі томды оқулығының барынша қысқартылған нұсқасы болып табылады.

Ағылшын тіліндегі оқулықтың бірінші томының көлемі 800 беттен асады, ал екінші томы 400 беттен асып жығылады.

Қазақстанда қазіргі кезде «100 кітап» жобасы аясында Нил Эндрюстің «Andrews on Civil Processes» кітабы қазақ тіліне аударылуда.

Нил Эндрюстің «Азаматтық процесі» – Қазақстан юриспруденциясы тарихында Англияның азаматтық процесі бойынша шет тілінен аударылған бірінші кітап болмақ.

Ағылшын басылымы 2 томнан тұрады, ал қазақ тіліндегі басылым 3 томдық болмақ.

Осы үш томдық кітаптың 1-томының мазмұнымен тыңдаушыларды менің өзімнің бейне-дәрістерім арқылы таныстырып шығамын.

Кітаптағы оқу материал өте терең құрылымдалған.

1-том – 30 тарауды қамтитын 7 (жеті) бөлімнен құралады.

2-том – 21 тарауды (соның ішінде 2 тарауы медиацияға және 18 тарау арбитражға арналған) қамтитын 3 (үш) бөлімнен тұрады.

Англияның азаматтық процесі бойынша Н.Эндрюстің кітабына негізделген бұл бейне-курс тыңдаушылар назарына, ең алдымен, студенттер назарына Англияның азаматтық процесінің басты ерекшеліктерін жеткізу мақсатын көздейді.



4. АНГЛИЯ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІН ОҚЫП БІЛУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Англияның азаматтық процесі бойынша Н.Эндрюстің кітабын қазақ тіліне аударылуына байланысты «Англияның азаматтық процесін терең білудің қандай қажеттілігі бар?» деген сұрақ пайда болуы мүмкін. Бұл сұраққа жауап беру үшін бірнеше себептерді келтірейік.

№	Англияның азаматтық процесін тереңдетіп оқып білу қажеттілігінің себептері:
1	Азаматтық дауларға қатысушы ретінде ағылшын соттарына жүгінген Қазақстан мемлекетінің заңды тұлғалары мен азаматтарының мүдделерін қорғау қажеттілігі;
2	Қазақстанның ұлттық мүдделеріне байланысты заң қақтығыстарының ағылшын соттарындағы қарастырылуына еліміздің мемлекеттік органдары тарапынан тиісті бақылау жүргізу қажеттілігі;
3	Англияның азаматтық процесінде соңғы жылдары орын алып отырған түбегейлі өзгерістер;
4	Англияның азаматтық процесінің ережелерін, элементтерін, институттарын Қазақстанның процесілік заңнамасы мен соттар қызметін одан ары жетілдіру үшін пайдалану мүмкіндігі;
5	Англияның азаматтық процесінің көптеген шетел мемлекеттеріндегі азаматтық сот өндірісіне ықпалы (оның ішінде АҚШ, Индия және т.с.с.), бұл көптеген шетелдік мемлекеттердің сот төрелігін жақсы түсінуге мүмкіндік береді;
6	Англияның азаматтық процесінің бөлігі ретінде қарастырылатын азаматтық дауларды шешудің медиация мен арбитраж сияқты жаңа институттарды терең оқып білу қажеттілігі;
7	2017 жылы Англия мен Уэльс құқығының қағидалары, нормалары мен прецеденттерін қолдануды талап ететін «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңының қабылдануы;

Соңғы факторды ескере отырып, «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» (бұдан ары Орталық немесе АХҚО/МФЦА) ҚР Конституциялық заңының негізгі ережелерімен зейін салып танысу керек.

Осы Заңға сәйкес Орталықтың негізгі міндеттеріне жатқызылғандар:

- Қазақстан экономикасына инвестициялардың тартылуына көмектесу;
- қаржылық орта ретінде халықаралық деңгейде танылу.

Осы қойылған міндеттерді орындаудың басты тәсілі — қаржылық қызметтер саласында шетелдік инвестициялар үшін тартымды орта құру.

АХҚО/МФЦА шеңберінде жеке юрисдикция қолданылады. Ол Қазақстан Конституциясы мен АХҚО/МФЦА туралы Заңға негізделгенімен, төмендегілердің де қолданылуына жол береді:

- дамыған халықаралық қаржы орталықтардың стандарттарының қолданылуына;
- Англия мен Уэльс құқығының қағидалары, нормалары мен прецеденттерінің қолданылуына.

Бұл жерде қызықтыратын бір факт, Англия мен Уэльс құқығының қағидалары, нормалары мен прецеденттері, сондай-ақ дамыған халықаралық қаржы орталықтардың стандарттары тікелей емес, жанама түрде қолданылады. Яғни, бұл жерде Орталық шеңберінде қабылданатын актілердің Англия мен Уэльс құқығының қағидалары, нормалары мен прецеденттеріне немесе дамыған халықаралық қаржы орталықтардың стандарттарына негізделуі мүмкіндігі туралы айтылған. Және мұндай қолдану аталған Конституциялық заңның шеңберінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін (Заңның 4-бабы).

Бұған қоса, Қазақстанның қолданыстағы құқығы АХҚО/МФЦА шеңберінде жоғарыда аталған Конституциялық заңмен әрі Орталық актілерімен реттелмеген бөлігіне ғана қолданылады.

Назар аударуды талап ететін келесі мәселе – АХҚА/МФЦА актілері тек шектелген мәселелер бойынша ғана қабылдана алады.

№	Орталық актілерінің тарататын қатынастары (Орталыққа қатысушылардың және Орталықтың органдары мен оның қызметкерлерінің арасындағы қатынастар)
1	азаматтық-құқықтық қатынастар;



2	азаматтық-процестік қатынастар;
3	қаржылық қатынастар;
4	әкімшілік процедуралар.

Демек, жоғарыда көрсетілген барлық қатынастар ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Азаматтық процестік кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі және ҚР қаржы заңнамасына емес, ағылшын құқығының нормаларына негізделуі мүмкін.

Орталықтың актілеріндегі нормаларды түсіндіру Орталық Сотының айрықша құзыретіне кіреді (13-баптың 10-тармағы).

№	Орталық Сотының айрықша юрисдикциясы арқылы таратылатын даулардың түрлері (АХҚО/МФЦА туралы Заңның 13-бабының 4-тармағы)
1	Орталыққа қатысушылардың, Орталықтың органдары және олардың шетелдік қызметкерлері арасында пайда болатын даулар;
2	Орталықта жүзеге асырылған және Орталықтың құқығына бағынышты кез келген операцияға қатысты даулар;
3	Тараптардың келісімі бойынша Орталықтың Сотына берілген даулар.

Орталықтың Сотының қылмыстық және әкімшілік сот өндірісін жүргізуге юрисдикциясы жоқ.

АХҚО Сотының мақсаттары:

- тараптардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау;
- АХҚО-н қолданыстағы құқығының орындалуын қамтамасыз ету (13-баптың 1-тармағы).

АХҚО Сотының негізгі сипаттамасы:

- қызметінің тәуелсіздігі;
- Қазақстанның сот жүйесінен автономиясы;
- инстанциялардың екі буынды жүйесі: бірінші инстанция соты және апелляциялық сот;
- АХҚО Сотының судьялары мен төрағасының Орталық Басқарушысы ұсынысы бойынша ҚР Президентімен тағайындалуы.

АХҚО Сотының қызметін реттейтін негізгі құжат – «Астана» Халықаралық қаржы орталығының соты туралы» АХҚО Кеңесінің қаулысы және бұл Қаулы Англия мен Уэльс құқығының қағидалары, нормалары мен прецеденттеріне және дамыған халықаралық қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі тиіс.

№	АХҚО Сотының дауларды шешу кезінде басшылыққа алатын құқығы (13-баптың 6-тармағы)
1	Англия мен Уэльс құқығының қағидалары, нормалары мен прецеденттерін қоса алғанда Орталықтың қолданыстағы құқығы;
2	Нақты даулар бойынша заңды күшіне енген АХҚО Сотының шешімдері, яғни АХҚО Сотының өз прецеденттері;
3	«Ортақ құқықтың» басқа юрисдикциялық соттардың заңды күшіне енген шешімдері, яғни басқа да прецеденттер.

№	АХҚО Апелляциялық соты шешімдерінің негізгі сипаттамасы (13-баптың 7-8-тармақтары)
1	- ақырғылық сипатқа ие;
2	- шағым келтіруге жатпайды;
3	- барлық жеке және заңды тұлғаларға міндетті (7-тармақ);
4	- ҚР соттарының шешімдеріндей (АХҚО Сотының кез келген басқа шешімдері сияқты) сол тәртіпте және сол шарттармен орындалады (8-тармақ).



Орталықтағы сот өндірісінің тілі – ағылшын тілі, қажет болған жағдайда тараптардың өтініші бойынша қазақ әлде орыс тілдеріне аударма жасалуы мүмкін (19-бап).

Орталықтың ресми тілі болып ағылшын тілі табылады.

№	«Астана» ХҚО шеңберіндегі ағылшын тілінің қолданылу аясы
1	- Орталықтың барлық аумағында Орталықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың барлығы (15-бап);
2	- Орталықтың барлық актілерінің дайындалуы және қабылдануы (16-бап);
3	- Орталық аумағында есептік-статистикалық, қаржы, техникалық және өзге де құжаттардың жүргізілуі (17-бап);
4	- жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауап беру (қазақ және орыс тілінде түскен өтініштердің жауаптарын есепке алмағанда) (18-бап);
5	- Орталық аумағында жазбаша түрде жасалатын Орталыққа қатысушылардың барлық мәмілелері (егер өзге тәртіп тараптардың келісімі бойынша анықталмаған болса) (20-бап);
6	- тараптардың біреуі Орталыққа қатысушы болып табылатын жазбаша жасалған мәмілелер (қазақ және орыс тіліндегі мәмілелерді есептемегенде) (20-бап).

Сонымен, дәрістің басты сауалдарын қарастыру арқылы біз Англияның азаматтық процесін оқып білудің Қазақстан, қазақстандық заңгерлер мен студенттер үшін маңыздылығы туралы сұрақтың жауабын алдық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Пучинский В.К. «Гражданский процесс Англии: критический анализ общих понятий, принципов и институтов». Дис.докт. юрид.наук. - М.,1975.
2. Здрок О.Н. «Гражданский процесс зарубежных стран». Курс лекций: Учебноепособие. – Мн.: БГУ, 2004.
3. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж». – М.: Инфотропик Медиа, 2012.